

## **Қант диабетімен сырқаттанатындарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 2 қазан N 463-ө

Қант диабетімен сырқаттанатындарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен медицина мекемелеріне қант диабетіне қарсы қолданылатын құралдар сатып алуды ұйымдастыру жөнінде тендер өткізсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тендер нәтижесі бойынша және қант диабетіне қарсы қолданылатын құралдар беріп тұру үшін қол қойылған контрактілер негізінде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігін басым тәртіппен қаржыландыруды 1996 жылға арналған республикалық бюджетте дәрі-дәрмектер мен таңу құралдарын сатып алуға көзделген қаражаттар есебінен жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жүк алушыны айқындасын және қант диабетіне қарсы қолданылатын препараттарды облыстар және Алматы қаласы бойынша бөлуді жүзеге асырсын.

Премьер-Министр